

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2006 ж. "15" 08 өткізілді
№ 1712-1910-02-А0 куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
"15" 08 20.06.г.
свидетельство № 1712-1910-02-А0
БСН/БИН 060840005025



«SAT & Company» АҚ
АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН
БЕКІТІЛГЕН
23 мамыр 2018 жылғы
№S&Co-7-2-01 хаттама

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 2052 БҰЙРЫҒЫ
2018 ж. "30" 05
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 2052
"30" 05 20.18.г.

«SAT & Company»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасына сәйкес әрекет ететін “SAT & Company” Акционерлік қоғамы қызметінің негізі болып табылады. “SAT & Company” Акционерлік қоғамының құрылуына “SAT & Company” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (Алматы қаласының Әділет Департаменті берген 25.01.2005 жылғы 43446-1910-ЖШС мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.) “SAT & Company” Акционерлік қоғамына түрленуі түрінде қайта құрылуы алғышарт болды.
2. Бұдан әрі «Қоғам» деп аталып “SAT & Company” Акционерлік қоғамы, өткізу актісіне сәйкес қайта құрылған “SAT & Company” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мүліктерінің, барлық құқықтары мен міндеттерінің құқық мирасқоры болып табылады.
3. Қоғамның атауы:
 - мемлекеттік тілде – толық - «SAT & Company» Акционерлік қоғамы, қысқартылған - «SAT & Company» АҚ.
 - орыс тілінде – толық – Акционерное общество “SAT & Company”, қысқартылған – АО “SAT & Company”.
 - ағылшын тілінде: SAT & Company Joint stock company, қысқартылған - SAT & Company JSC.
4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Алмалы ауданы, Мұқанов көшесі, 241-үй, 170-н.п.
5. Қоғам қызметінің мерзімі шектелмеген.

2-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі - Жарғы) сәйкес жүзеге асырады. Қоғам заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі органдарында мемлекеттік тіркеген күннен бастап иеленеді. Қоғамның өз атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі, жеке балансы, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттары бар. Қоғамның өзіндік тауарлық белгісі және бейнелемесі, үлгілері болуы мүмкін, олар АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН бекітіледі және заңнамамен белгіленген тәртіпте тіркеледі.
2. Қоғам өз атынан кез келген мәмілелерді жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер арқалауға, сотта талапкер, жауапкер және үшінші тұлға болуға құқылы.
3. Қоғам өз мүлкіне иелік етуді, пайдалануды және билік етуді өз қызметінің мақсаттарына сәйкес жүзеге асырады. Қоғамның оқшауландырылған мүлкі, дербес балансы бар және ол толық дербестік, өзін-өзі қаржыландыру және өз шығынын өзі өтеушілік негізінде әрекет етеді.
4. Қоғам өз қызметіне қажетті экспорттық және импорттық мәмілелерді жасау құқығын қоса алғанда, сыртқы экономикалық операцияларды өз бетіме жүзеге асыруға құқылы.
5. Қоғам кейін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарын хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өз филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ басқа тұлғалармен бірге шаруашылық серіктестіктерді және еншілес шаруашылық серіктестіктерді құруға құқылы.
6. Қоғамның, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылыс салуға, сонымен қатар өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларды, жерді, сондай-ақ әр түрлі жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жалға алуға және беруге құқығы бар.
7. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауап береді. АКЦИОНЕРЛЕР Қоғам шығындары үшін өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

8. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ Қоғам қызметі туралы барлық ақпарат Қоғамның www.sat.kz ресми сайты және (немесе) баспасөз басылымдары және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғаламтар-ресурстары арқылы жеткізіледі.

3-бап. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

1. Қоғам қызметінің мақсаты жарғылық қызметті жүргізу жолымен пайда табу болып табылады.
2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:
 - 1) инвестициялық қызмет;
 - 2) халық тұтынатын тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы;
 - 3) күрделі құрылысқа арналған инженерлік ізденістер;
 - 4) күрделі құрылысқа арналған жобалау жұмыстары;
 - 5) құрылыс конструкцияларын, бұйымдар мен материалдарды жасау және өндіру;
 - 6) сәулетшілік-қала құрылысы қызметінің өзге де түрлері;
 - 7) мәншікті материалдық-техникалық базаны құру, делдалдық және маркетингтік қызметтер, өкілдік және агенттік қызметтер;
 - 8) қоғамдық тамақтандыру, соның ішінде асханалар, кафе, барлар, мейрамханалар және т.б. желісін құру;
 - 9) коммерциялық дүкендер, сауда орталықтары желісін құру;
 - 10) ауылшаруашылық өнімдерін өдіру, дайындау, сақтау және қайта өңдеу;
 - 11) құрылыс-монтаж жұмыстары;
 - 12) халық тұтынатын тауарларды өндіру;
 - 13) мейманханалық қызмет көрсету;
 - 14) жарнамалық қызмет;
 - 15) риэлторлық қызметтер;
 - 16) халыққа тұрмыстық қызмет көрсету;
 - 17) авто жанар-жағар май бекеттері желісін ұйымдастыру;
 - 18) мұнай өнімдерін, жанар-жағармай материалдарын сатып алу, өңдеу және өткізу;
 - 19) көлік құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
 - 20) жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер және басқа да көлік-жөнелту қызметтері;
 - 21) ұйымдастыру техникасын, тұрмыстық теле-радио аппаратураны және электр құралдарын жөндеу және жабдықтау;
 - 22) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, енгізу және баптау;
 - 23) аспап жасау;
 - 24) сауда-саттық, сауда-өкілдік, соның ішінде сыртқы сауда қызметі;
 - 25) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет.
3. Айналысу үшін лицензия алу қажет қызмет саласындағы Қоғамның құқықабілеттілігі мұндай лицензияны алған сәттен бастап пайда болады және одан айырған, әрекет ету мерзімі аяқталған, немесе жарамсыз деп танылған сәттен бастап, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тоқтатылады.

4-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияны «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда (бұдан әрі - Заң) белгіленген талаптарға сәйкес оның анықталған нақтылы құны бойынша және инвесторлардың орналастыру бағасы бойынша төлеуі арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.
 2. Құрылтайшылар қосқан акцияларды алдын-ала төлеу мөлшері Қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауы тиіс және оны құрылтайшылар Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап отыз күн ішінде толығымен төлеуі керек.
 3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
- Қоғам табыс есебінен өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті қорлар құруы мүмкін, олардың мақсаты, мөлшері, қағидалары, құрылу көздері және пайдалану тәртібі Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ бекітетін Қорлар туралы ережемен реттеледі.

5-бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Қоғам АКЦИОНЕРІ:
 - Заңда және (немесе) Қоғам Жарғысында көрсетілген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе басқа АКЦИОНЕРЛЕРМЕН бірлесе иемденген жағдайда, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ Заңға сәйкес АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосуға ұсыныс жасауға;
 - дивидендтер алуға;
 - Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН немесе осы Жарғымен анықталған тәртіпте Қоғам қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
 - тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ сайлау үшін үміткерлер ұсынуға;
 - Қоғам органдарының қабылдаған шешімдерін сот тәртібімен даулауға;
 - Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын өзі немесе басқа акционерлермен бірлесе иемдену барысында сот органдарына өз атынан Заңның 63- және 74-тармақтарында қарастырылған жағдайларда қоғамның лауазымды тұлғаларының қоғамға келтірген шығындарын өтеуін, қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының мәміле жасасу барысында мүдделік танытқан олардың ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған табысты (кірісті) қоғамға қайтаруын талап етіп, жүгіне алады;
 - Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау түскен күннен бастап отыз күннің ішінде уәжді жауаптар алуға;
 - Қоғам таратылған жағдайда, мүліктің бір бөлігіне;
 - Заңда және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіпте Қоғам акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға.
 - АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін Заңмен көзделген тәртіпте өзгерту туралы шешімді қабылдауында қатысуға құқылы.
2. Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан да көп пайызы тиесілі болатын әрі АКЦИОНЕР сондай-ақ:
 - АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН кезектен тыс шақыруды талап етуге немесе ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талаппен сотқа шағымдануға;
 - Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқылы.
3. Қоғам Жарғысымен белгіленген АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
4. Қоғам АКЦИОНЕРІ:
 - акцияларды төлеуге;
 - Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы тіркеушіге және осы АКЦИОНЕРГЕ тиісті акцияларды нақтылы ұстаушыға он күн ішінде хабарлауға;
 - қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
 - Заңға және Қазақстан Республикасының өзге заң актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.
5. Қоғам мен тіркеуші Заңның 15-бабының 1-тармағы 2-тармақшасында белгіленген талапты АКЦИОНЕРДІҢ орындамауы салдарына жауапкершілік арқаламайды.
6. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібі бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асырушы мемлекеттік уәкілетті органмен белгіленеді.
7. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
8. Қоғамның артықшылықты акциясы оның иесіне:

- қарапайым акциялардың меншік иелері-акционерлер алдында Қоғам Жарғысымен бекітілген кепілді мөлшерде дивидендтер алуға басым құқық;
- Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген тәртіпте таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне құқық береді.

Артықшылықты акция Заңмен белгіленген келесі жағдайлардан басқа жағдайларда акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:

1) Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ шешімі артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарастыратын болса. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеулер үшін орналастырылған (өтеп алынғандардан басқа) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады;

Ол бойынша шешім қабылдау артықшылықты акцияларға ие АКЦИОНЕРДІҢ құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелерге:

- артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту және оның мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;
- артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін өзгерту;
- артықшылықты акцияларды Қоғамның қарапайым акцияларына ауыстыру туралы мәселелер жатады.

2) Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ қоғам Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, артықшылықты акциялардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту туралы сұрақты (егер әдістеме құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса, оны бекіту) қарастырады;

3) Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ Қоғамды қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарастырады;

4) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбеді.

5) Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа салу, сондай-ақ қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібін акцияларды шығару проспектісі белгілейді.

6-бап. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

1. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер, басымдылықты акциялар бойынша дивиденттерді айтпағанда, дивидендтерді төлеу туралы шешім АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА Қоғамның дауыс беретін акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданған жағдайда ақшамен немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Дивидендтерді Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді. Дивидендтерді Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздары арқылы төлеу, тек егер мұндай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және онымен шығарылған облигациялармен, Акционердің жазбаша келісімі бар болғанда жүзеге асырылатын жағдайда рұқсат етіледі.
2. Дивидендтерді алуға құқығы бар АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ тізімі дивидендтерді төлеудің басталу күні алдындағы күнге құрылуы тиіс.
3. Акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзгеше көзделмесе, төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен шығару, акцияның жаңа меншік иесі оларды алуға құқылы болатындай етіп жүзеге асырылады.
4. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер жылына бір рет төленеді. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу әр жылдың 31 шілдесінен кешіктірілмей жүргізіледі.
5. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы жасала алады. Төлем агентінің қызметін төлеу Қоғам есебінен жүзеге асырылады.
6. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі өтеп алынған, сондай-ақ сот немесе Қоғам Акционерлерінің Жалпы Жиналысымен оны жою туралы шешім қабылданған болса, акциялар бойынша дивидендтер есептелінбейді және төленбейді,
7. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуге жол берілмейді:
 - 1) меншік капиталының мөлшері болымсыз болса немесе егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде болымсыз болса;

- 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік нышандарына сай болса немесе көрсетілген нышандар Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса.
8. Дивиденд Заңның 22-бабы 5-тармағының негіздері бойынша есептелмеген жағдайларды қоспағанда, АКЦИОНЕР Қоғам қарызының пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.
9. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда АКЦИОНЕРГЕ дивидендтердің негізгі сомасы мен уәкілетті орган ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнге белгілеген ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі негізінде есептелетін өсім төленеді.
10. Тоқсан немесе жарты жылдық қорытындысы бойынша Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Қоғамның қаржылық есептілігіне сәйкес келетін кезеңге аудит жүргізілгеннен кейін және АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешімі бойынша ғана жүзеге асырыла алады. Жалпы жиналыстың тоқсан немесе жарты жылдық қорытындылары бойынша қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімінде бір қарапайым акцияға берілетін дивиденд көлемі көрсетіледі.
11. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН қабылданады.
12. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді, осы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына міндетті түрде жариялау арқылы қабылдауға құқылы.
13. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім осы шешімді қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми сайтында жариялануы тиіс.
14. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:
 - 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;
 - 2) дивидендтер төленетін кезең;
 - 3) бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;
 - 4) дивидендтерді төлеудің басталу күні;
 - 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.
15. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы кезеңдегі қарапайым акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмайды.
16. Артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілді мөлшері – 01 (бір) теңге.
17. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеудің мерзімі алдыдағы бес жұмыс күннің ішінде Қоғам Жарғының 14-тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтерді төлеу туралы, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға міндетті.
18. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдемелері жүйесінде АКЦИОНЕРДІҢ өзекті деректемелері туралы мәлімет болған жағдайда, дивидендтерді төлеу қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап тоқсан күннен кешіктірілместен жүзеге асырылуы тиіс.
АКЦИОНЕРДІҢ өзекті деректемелері туралы мәлімет болмаған жағдайда, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу АКЦИОНЕР Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдемелері жүйесіне ол туралы қажетті мәліметтер енгізілгендігін растайтын құжатымен жүгінген сәттен бастап тоқсан күннің ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

7-бап. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ (ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР);
- 2) басқару органы – ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ;
- 3) атқарушы орган - БАСҚАРМА;

- 4) бақылау органы – ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ (АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ оны құру туралы шешім қабылдаған жағдайда) болып табылады.
Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де органдарды құруы мүмкін.

8-бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

1. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ жылдық және кезектен тыс жиналыстар болып бөлінеді. Қоғам жылдық АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН жыл сайын өткізуге міндетті. Өзге жиналыстар кезектен тыс болып табылады.
2. Бірінші АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін және акцияларды ұстаушылар тізілімін қалыптастырғаннан кейін екі айдың ішінде шақырылуы және өткізілуі тиіс. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында Қоғамның директорлар кеңесі сайланады.
3. Жыл сайынғы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд көлемі анықталады, акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау нәтижелері туралы мәселе қарастырылады. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ төрағасы Қоғамның АКЦИОНЕРЛЕРІН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мен Қоғам БАСҚАРМАСЫНЫҢ мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және құрамы жайында ақпараттандырады. Жылдық АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ олар бойынша шешім қабылдау өз құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді қарауға құқылы.
4. Жылдық АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Аталған мерзім есепті кезеңдегі Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
5. Егер Қоғамда дауыс беретін акциялардың барлығы бір акционерге тиесілі болса, онда АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ өткізілмейді.
6. Осы баптың 5-тармағында қарастырылған жағдайларда Қоғамның дауыс беретін акцияларының барлығын иеленген жалғыз акционер немесе тұлға заңды тұлға болып табылса, онда Заңмен және осы Жарғымен АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасына және заңды тұлғаның Жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқылы ие заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғасы немесе қызметкері қабылдайды.
7. Жылдық, кезектен тыс және қайта өткізілетін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу және дайындау, оны өткізу туралы ақпаратты ұсыну және кворумды анықтау тәртібі Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
8. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН өзгеше белгіленбесе, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА кез келген тұлға қатыса алады.
9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН бекітілетін, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін ережелермен және Қоғамның өзге де құжаттарымен, болмаса тікелей АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешімімен Заң талаптарына сәйкес оны өткізудің жұмыс тәртібі анықталады.
10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ Төрағасын, Хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде шешім дауыс беруге құқығы бар қатысушылар санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
 - 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ осы кодекс қабылданған жағдайда оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;

- 6) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) орналастырылған бір түрдегі акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастың шарттары мен тәртібін анықтау;
 - 8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оларды сайлаған жағдайда олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшелеріне өз міндеттерін атқарғандығы үшін төленетін сыйақылар мен шығындарды өтеу мөлшерін және шарттарын анықтау;
 - 10) Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 11) жылдық қаржылық есепті бекіту;
 - 12) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту.
 - 13) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қоғам акцияларын ерікті түрде листингтен алу туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруда немесе өзге заңды тұлғалардың қызметінде қатысуы туралы, не болмаса жалпы сомасы Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 16) Қоғамның АКЦИОНЕРЛЕРДІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ шақырылғандығы туралы хабарландыру нысанын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
 - 17) қоғам оларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, акциялардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер әдістеме құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса, оны бекіту);
 - 18) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібін бекіту;
 - 19) егер мұндай тәртіп Қоғамның жарғысымен анықталмаған болса, АКЦИОНЕРЛЕРГЕ Қоғам қызметі туралы ақпараттарды беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - 20) «алтын акцияны» енгізу және жою;
 - 21) Қоғамның оның нәтижесінде елу және одан көп пайызы иеліктен шығарылатын (иелікте шығарыла алатын) мәміле туралы шешім қабылдаған күнгі құны, Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің елу немесе одан көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам өз иелігінен шығаратын (иелігінен шығара алатын) ірі мәмілені жасауы туралы шешімді қабылдау
 - 22) олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және Қоғам Жарғысымен АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
12. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ осы баптың 11-тармағының 2-4, 17 тармақшаларында көрсетілген мәселелер жөніндегі шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.
 13. Егер Заңмен және Қоғам Жарғысымен өзгеше бекітілмесе, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ өзге мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Бұл ретте Қоғам Жарғысымен өзге сұрақтар бойынша шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының көп болуы ғана қарастырылуы мүмкін.
 14. АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ осы баптың 11-тармағы 7)-тармақшасында көрсетілген орналастырылған бір түрдегі акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау бөлігіндегі мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде, артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (өтеп алынғандардан басқа) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады.
 15. Егер Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен өзгеше көзделмесе, олар бойынша шешім қабылдау АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

16. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

9-бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

1. Жылдық АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ шақырады.
2. Кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ:
 - 1) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ;
 - 2) Ірі АКЦИОНЕРДІҢ бастамасымен шақырылады.
3. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА дайындықты және оны өткізуді:
 - 1) БАСҚАРМА;
 - 2) онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;
 - 3) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ;
 - 4) Қоғамды тарату комиссиясы жүзеге асырады.
4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыру, оны дайындау және өткізу бойынша шығындарды, Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.
5. Қоғам органдары жылдық АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақырудың Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, жылдық АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін. Қоғамның кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ, Қоғам органдары ірі АКЦИОНЕРДІҢ кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу туралы талабын орындамаған жағдайда, сол ірі АКЦИОНЕРДІҢ талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
6. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу туралы талап ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы беріледі, ол хабарламада мұндай жиналыстың күн тәртібін қамтуы тиіс.
7. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ірі акционердің талабы бойынша шақырылып отырған кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге және күн тәртібіндегі сұрақтардың тиянақталуына өзгерту енгізуге құқығы жоқ.
8. Кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыру туралы талап ірі акционерден (акционерлерден) шығып отырған жағдайда, ол мұндай жиналысты шақыруды талап етіп отырған акционерлердің (акционердің) аттарын (атауларын) қамтуы тиіс және онда оған тиесілі акциялардың саны көрсетілуі керек. Кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыру туралы талапқа кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыруды талап етіп отырған тұлға (тұлғалар) қол қояды.
9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдап, осындай шешімді қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірместен, осы талапты қойған тұлғаға кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыру туралы, болмаса оны шақырудан бас тарту туралы қабылданған шешім жайында хабарлама жіберуге міндетті. Көрсетілген талапқа сәйкес кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ шақырылған жағдайда, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібіндегі мәселелерді өз бетінше толықтыруға құқылы.
10. Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ірі акционердің талабы бойынша кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақырудан бас тарту туралы шешімі келесідей:
 - 1) осы баппен бекітілген кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыру туралы талапты қою тәртібін сақталмаған;
 - 2) кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда қабылдана алады. Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтуға болады. Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ Заңмен бекітілген мерзім ішінде ұсынылған талап бойынша кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап етіп отырған тұлға Қоғамды кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізуге міндеттеу туралы талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің мәліметтері негізінде Қоғам тіркеушісі құрады. Аталған тізімді құру күнін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу туралы шешім қабылдаған күннен бұрын белгілеуге болмайды. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ тізіміне жазылуы тиіс мәліметтерді уәкілетті орган анықтайды.
12. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін құрғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарған жағдайда, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте, акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.
13. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу күні, уақыты және орны оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай болып белгіленуі тиіс. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ атқарушы органның орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізілуі тиіс. Жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты мен жиналысты өткізу уақыты Қоғамның есеп комиссиясына жиналысқа қатысушыларды тіркеу, оларды санау және кворумның бар-жоқтығын анықтау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етуі тиіс.
14. Акционерлер («алтын акция» иесі) алда болатын жалпы жиналысты өткізу туралы жиналысты өткізу күнінен кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабардар етілуі тиіс.
15. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу туралы хабарлама Қоғамның ресми сайтында жариялануы және (немесе) акционерге («алтын акцияның» иесіне) жазбаша хабарламаны жолдау арқылы жеткізілуі тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елуден көп болмаса, хабарлама акционерге жазбаша оған жазбаша хабарламаны жіберу арқылы жеткізілуі тиіс. Осы баптың 14-тармағында белгіленген мерзімді санау Қоғамның ресми сайтында хабарландыруды жариялаған күннен немесе пошталық жіберу күнінен басталады. Қосымша, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ туралы хабарламаларды өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратуға жол беріледі.
16. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу туралы хабарлама төмендегі деректерді қамтуы тиіс:
 - 1) Қоғам БАСҚАРМАСЫНЫҢ толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ өткізілу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты, сондай-ақ егер өткізілуі тиіс бірінші жиналыс өтпей қалса, қайтадан өткізілетін Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күні және уақыты;
 - 4) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысу құқығы бар АКЦИОНЕРЛЕР тізімі құрылған күн;
 - 5) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібі;
 - 6) Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІН күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдармен таныстыру тәртібі;
 - 7) жиналысты өткізу тәртібі;
 - 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі және сырттай дауыс беруге арналған процедура;
 - 9) жиналыс соларға сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары;
17. Қайтадан өткізілетін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу алғашқы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН (өтпей қалған) өткізу белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте белгіленбейді.
18. Қайтадан өткізілетін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ өтпей қалған АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ өткізілуі тиіс болған жерде өткізілуі керек.
19. Қайтадан өткізілетін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібі өтпей қалған АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.
20. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібін ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ құрады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізімінен тұруы тиіс. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібін өз бетінше немесе басқа АКЦИОНЕРЛЕРМЕН бірлесе отырып, Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын иемденген АКЦИОНЕР, немесе Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІ мұндай толықтырулар туралы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу күніне дейінгі он бес күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ толықтыра алады..

21. Іштей тәртіпте өткізілетін АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ашқан кезде ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ күн тәртібін өзгерту жөніндегі алған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.
22. АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібін бекіту жиналыста берілген Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.
23. Күн тәртібіне өзгерістер және толықтырулар, егер АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысатын және бірге алғанда Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызына иемденетін АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды енгізуге дауыс берсе, енгізіледі. АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ шешімді сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған жағдайда, АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырыла алмайды.
24. АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.
25. АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдар осы мәселелер бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.
26. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдар ұсынылып отырған үміткерлер туралы келесі ақпаратты қамтуы тиіс:
- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
 - 2) білімі туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғамға аффилиирленгендігі туралы мәлімет;
 - 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәліметтер;
 - 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпараттар.
- АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібіне Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ жаңа мүшесін) сайлау мәселесін енгізген жағдайда, материалдарда ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелігіне ұсынылып отырған үміткер қай Акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болу-болмауы көрсетілуі тиіс. Егер ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелігіне үміткер АҚЦИОНЕР не болмаса жеке тұлға болып табылған жағдайда, онда бұл мәліметтерді материалдарда АҚЦИОНЕРДІҢ АҚЦИОНЕРЛЕР тізімін қалыптастыру күніне қарай Қоғамның дауыс беруші акцияларына иелік ету үлесі туралы деректерді қоса отырып, көрсету керек.
27. Жылдық АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар төмендегі деректерді:
- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебін;
 - 2) жылдық қаржылық есепке аудиторлық есепті;
 - 3) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы ұсыныстарды және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы бір жылғы дивиденд мөлшерін;
 - 4) АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау нәтижелері туралы ақпаратты;
 - 5) АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу бастамашысының өз ұйғарымы бойынша басқа да құжаттарды қамтуы тиіс.
28. АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдар акционерлердің танысуы үшін жиналысты өткізу күнінен кемінде он күн бұрын дайын және Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша қол жетімді болуы тиіс, ал егер АҚЦИОНЕР сұрау жіберсе – оған сұрау алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс; егер Жарғымен өзгеше көзделмесе, құжаттардың көшірмесін дайындау және құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді.
29. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте АҚЦИОНЕРЛЕР тізіміне енгізілген АҚЦИОНЕРЛЕР немесе олардың өкілдері, сондай-ақ осы баптың 12-тармағында көрсетілген, бірігіп Қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызын иеленген тұлғалар оған қатысу үшін тіркелген болса, АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ күн тәртібі мәселелерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
30. Өтпей қалған жиналыстың орнына қайтадан өткізілетін АҚЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ, егер:

- 1) кворумның болмауы себебінен өтпей қалған АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА шақыру тәртібі сақталған болса;
- 2) тіркеу аяқталған сәтте бірігіп Қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызын иеленген акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беруші АКЦИОНЕРЛЕР оған қатысу үшін тіркелген болса күн тәртібі мәселелерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

10-бап. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ ТӘРТІБІ

1. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА дауыстарды санауды есеп комиссиясы жүзеге асырады.
2. Есеп комиссиясының қызметін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ хатшысы жүзеге асыруы мүмкін. Алғашқы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА есеп комиссиясының қызметін Қоғам тіркеушісі жүзеге асырады. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешімі бойынша есеп комиссиясының қызметі Қоғам тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.
3. Есеп комиссиясы немесе оның қызметін жүзеге асырушы тұлға:
 - 1) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттіктерін тексереді;
 - 2) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ қатысушыларын тіркейді және оларға күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарды береді;
 - 3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және жарамды бюллетеньдер саны мен күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша оларда көрсетілген дауыстарды санайды.
 - 4) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА, соның ішінде жиналысты өткізілген барлық уақыт ішінде кворумның болу-болмауын анықтайды және кворумның болуы немесе болмауы туралы хабарлайды.
 - 5) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;
 - 6) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс беру қорытындыларын шығарады;
 - 7) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасайды;
 - 8) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы Қоғам мұрағатына береді.
4. Есеп комиссиясы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА толтырылған дауыс беруге арналған бюллетеньдердегі ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етеді.

11-бап. ӨКІЛДІК

1. АКЦИОНЕРДІҢ жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқығы бар. Қоғамның атқарушы органының мүшелері (атқарушы орган қызметін дара атқаратын тұлға) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ өкілдері болуға құқығы жоқ. Мұндай өкілдік ету акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық сұрақтар бойынша дауыс беру туралы айқын нұсқауды қамтитын сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам жұмысшыларының АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқықтары жоқ.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес АКЦИОНЕРДІҢ атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасауға немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

12-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу тәртібі осы Жарғыға, Заңға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның өзге де құжаттарына сәйкес, болмаса тікелей АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешімімен анықталады.
2. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ашылғанға дейін келген АКЦИОНЕРЛЕРДІ (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. АКЦИОНЕРДІҢ өкілі оның АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс. Тіркеуден өтпеген АКЦИОНЕР (акционер өкілі) кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
3. Іштей өткізілетін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешімімен оған өзге тұлғалар да шақырусыз қатыса алатын болса, онда мұндай тұлғалардың АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА сөз сөйлеу құқығы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ өзінің шешімімен белгіленеді.
4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ кворум болған жағдайда, хабарланған уақытында ашылады. Барлық АКЦИОНЕРЛЕР (олардың өкілдері) тіркелген, хабарландырылған және жиналысты ашу уақытын өзгерту туралы қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ хабарланған уақытынан ерте ашылмайды.
5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ жиналыстың Төрағасын (төралқасын) және Хатшысын сайлауды өткізеді және дауыс беру нысанын – ашық немесе жасырын (бюллетень бойынша) екенін анықтайды. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ Төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір АКЦИОНЕР бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысып отырғандар санынан жай көпшілік дауыспен қабылданады.
6. Атқарушы орган мүшелері, жиналысқа қатысып отырған барлық АКЦИОНЕРЛЕР атқарушы орган құрамына кіретін жағдайды қоспағанда, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА төрағалық ете алмайды.
7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу барысында оның Төрағасы қарастырылып отырған мәселе бойынша жарыссөздерді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.
8. Төрағаның күн тәртібі мәселесін талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне, егер мұндай сөйлеулер АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ реттемесінің бұзылуына әкелетін немесе бұл мәселе бойынша жарыссөздер тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруіне құқығы жоқ.
9. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарастыруды келесі күнге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ күн тәртібінің барлық мәселелерін қарастырғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.
11. Жиналыс хатшысы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.

13-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

1. Шешімдер іштей немесе сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысқан АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге, болмаса АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін.
2. Сырттай дауыс беру жүргізілген кезде дауыс беруге арналған бюллетеньдер АКЦИОНЕРЛЕР тізіміне енгізілген тұлғаларға бірыңғай нысанда жіберіледі (таратылады). Қоғамның дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген АКЦИОНЕРЛЕРГЕ таңдап жіберуге құқығы жоқ.
3. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер АКЦИОНЕРЛЕР тізіміне енгізілген тұлғаларға АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ отырысын өткізу күніне кемінде қырық бес күн қалғанда жіберілуі тиіс. Бес жүз және одан көп санды акционері бар Қоғам, АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізусіз сырттай дауыс берген жағдайда, жарғымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарына АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ

ЖИНАЛЫСЫН өткізу туралы хабарламамен бірге АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жариялауға міндетті.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерде:
 - 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауын және орналасқан жерін;
 - 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтерді;
 - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді табыс етудің соңғы күнін;
 - 4) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ отырысын өткізу күнін немесе АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ отырысын өткізбестен, сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды санау күнін;
 - 5) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібін;
 - 6) егер АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібінде ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшелерін сайлау туралы мәселе болса, сайлауға ұсынылған үміткерлердің аты-жөнін;
 - 7) дауысқа салынатын мәселелердің тұжырымдамасын;
 - 8) «Қолдады», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқаларын;
 - 9) Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесін қамтуы тиіс.
5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға - АКЦИОНЕР өзінің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттағы мәліметтерді көрсете отырып, қол қоюы тиіс. Заңды тұлға - АКЦИОНЕРДІҢ сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысының қолы қойылып, заңды тұлғаның мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылуы тиіс. Жеке тұлға - АКЦИОНЕРДІҢ немесе заңды тұлға - АКЦИОНЕР басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлға - АКЦИОНЕРДІҢ мөрі (ол болған жағдайда) басылмаған бюллетень жарамсыз болып танылады.
6. Дауыстарды санаған кезде АКЦИОНЕРМЕН бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің ықтимал бір ғана нұсқасы белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.
7. Егер күн тәртібі ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелерін сайлау туралы мәселені қамтитын болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жеке үміткерлер үшін берілген дауыстар санын көрсетуге арналған алаң болуы тиіс.
8. Егер сырттай дауыс беру арқылы АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ өткізілетін кезде тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды санаудың белгіленген күнінен бұрын түскен болса, онда дауыстарды анағұрлым ерте мерзіммен санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.
9. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді алдын-ала жіберген АКЦИОНЕР аралас дауыс беру қолданылатын АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның бюллетені АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ кворумын анықтаған кезде және күн тәртібі мәселелері бойынша дауыстарды санаған кезде есепке алынбайды.

14-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ

1. Келесі жағдайларды қоспағанда, дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасымен жүзеге асырылады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жағдайларда акциялар бойынша бір АКЦИОНЕРГЕ берілетін дауыстардың ең көп санын шектеу;
 - 2) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру;
 - 3) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға жиналысты өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.
2. Кумулятивті дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстар АКЦИОНЕРМЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшелігіне бір үміткерге берілуі немесе ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшелігіне бірнеше үміткерлер арасында бөлінуі мүмкін. Неғұрлым көп дауыс алған үміткерлер ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ сайланды деп танылады.
3. Іштей өткізілетін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын болса, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (осы бапта әрі қарай – іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру

жасырын тәсілмен жүзеге асырылып отырған әрбір жеке мәселе үшін жасалуы тиіс. Бұл ретте іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетень:

- 1) мәселенің тұжырымдамасын немесе оның жиналыстың күн тәртібіндегі реттік номерін;
- 2) «Қолдады», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген, мәселе бойынша дауыс берудің нұсқаларын, немесе Қоғам органына әрбір үміткер бойынша дауыс берудің нұсқаларын;
- 3) АКЦИОНЕРГЕ тиесілі дауыстар санын қамтуы тиіс.
4. АКЦИОНЕРДІҢ өзі, соның ішінде Заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талапты Қоғамға қою мақсатымен бюллетеньге қол қоюға тілек білдірген жағдайларды қоспағанда, іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге АКЦИОНЕРДІҢ қолы қойылмайды.
5. Іштей жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс берушімен бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібі сақталған, және дауыс берудің ықтимал бір ғана нұсқасы белгіленген дауыстар ескеріледі.

15-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

1. Есеп комиссиясы немесе оның қызметін атқарушы тұлға дауыс беру қорытындыларына қарап, дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.
2. Дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша АКЦИОНЕРДІҢ ерекше пікірі болған жағдайда есеп комиссиясы немесе оның қызметін атқарушы тұлға хаттамаға тиісті жазбаны енгізуге міндетті.
3. Дауыс беру туралы хаттама жасалғаннан және оған қол қойылғаннан кейін, солардың негізінде хаттама жасалған іштей жасырын және сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.
4. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.
5. Оның барысында дауыс беру жүргізілген АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА дауыс берудің қорытындылары жария етіледі.
6. Дауыс беру қорытындылары және сырттай дауыс беру нәтижелері АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ жабылғаннан кейін он бес күн ішінде Қоғамның ресми сайтында жариялау немесе әрбір АКЦИОНЕРГЕ жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізіледі.
7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш күн ішінде жасалынып, оған қол қойылуы тиіс.
8. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ хаттамасында:
 - 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
 - 2) жиналыстың өткізілу күні, уақыты және орны;
 - 3) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА берілген Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
 - 4) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ кворумы;
 - 5) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ күн тәртібі;
 - 6) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА дауыс беру тәртібі;
 - 7) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ Төрағасы (төралқасы) мен Хатшысы;
 - 8) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;
 - 9) күн тәртібіндегі дауысқа салынған әрбір мәселе бойынша АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ дауыстарының жалпы саны;
 - 10) дауысқа салынған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
 - 11) жиналыс қабылдаған шешім көрсетіледі.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ жаңа мүшесін) сайлау мәселесі қаралған жағдайда, жалпы жиналыстың хаттамасында ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ сайланған мүшесі қай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор екендігі көрсетіледі.

9. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ хаттамасына:

- 1) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ Төрағасы (төралқа мүшелері) және Хатшы;

- 2) есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қатысқан және Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленген АКЦИОНЕРЛЕР қол қоюы тиіс. Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, хаттамаға өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін ұсынуға құқығы бар тұлға қол қояды.
10. Осы баптың 9-тармағында көрсетілген қандай да бір тұлға хаттама мазмұнымен келіспеген жағдайда, бұл тұлға бас тарту себебінің жазбаша түсіндірмесін бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы. Көрсетілген жазбаша түсіндірме хаттамамен қоса тіркелуі тиіс.
11. Хаттама дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, қатысу және дауыс беру, сондай-ақ хаттамаға қол қою құқығына сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсіндірмелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар БАСҚАРМАДА сақталуы және кез келген уақытта АКЦИОНЕРЛЕРГЕ танысу үшін берілуі тиіс. АКЦИОНЕРДІҢ талап етуі бойынша оған АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ хаттамасының көшірмесі беріледі.

16-бап. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

1. Қоғам Жарғысымен және Заңмен АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
 - 2) жылдық және кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыру туралы шешімдер қабылдау;
 - 3) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар санының шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Қоғамның өтеп алуы және оларды өтеп алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
 - 6) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ комитеттері туралы ережені бекіту;
 - 7) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айту, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 8) БАСҚАРМАНЫҢ сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы орган қызметін жеке-дара жүзеге асырушы тұлғаны) сайлау, сонымен бірге олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) БАСҚАРМА басшысының және оның мүшелерінің (атқарушы орган қызметін дара жүзеге асырушы тұлғаның) лауазымдық айлықтарының мөлшерін және еңбекті төлеу мен сыйақы беру шарттарын айқындау;
 - 10) ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ сандық құрамын, уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың уәкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ қызметкерлерінің еңбегін төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 11) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;
 - 12) Қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит үшін аудиторлық ұйым қызметін, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің негізі болып табылатын мүлктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушы қызметін төлеу мөлшерін анықтау;
 - 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органмен қабылданатын құжаттардан басқа), соның ішінде аукциондарды өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту.

- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын сатып алуы (шеттетуі) туралы шешім қабылдау;
 - 16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайыздары Қоғамға тиеселі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзырлығына жататын қызмет бабындағы мәселелер бойынша шешім қабылдау;
 - 17) Қоғам міндеттемелерін оның меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға үлкейту;
 - 18) Қоғам және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалынатын құпия болып табылатын ақпараттарды белгілеу;
 - 19) оларды жасау туралы шешімді Қоғамның АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ қабылдайтын ірі мәмілелерді айтпағанда, жасауға Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;
 - 20) үшінші тұлғалардың міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету туралы, соның ішінде үшінші тұлғалар үшін кепілдіктер және кепілдемелер беру туралы шешімдер қабылдау;
 - 21) үшінші тұлғалардан қарыздар, күрделі қаржы тарту, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қаржылай және өзге де көмек көрсету туралы шешім қабылдау;
 - 22) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғам Жарғысында қарастырылған өзге де мәселелер.
3. Осы баптың 2-тармағымен тізімі белгіленген мәселелер БАСҚАРМАНЫҢ шешуіне беріле алмайды.
4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Қоғам Жарғысына сәйкес БАСҚАРМА құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
5. Тыйым салу құқығы белгіленген мәселелер бойынша ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ қабылдаған шешімдері «алтын акция» иеленушілерімен келісуге жатады.
6. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ:
- 1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын, соның ішінде Қоғамның мүлкін заңсыз негізде пайдалану және мүдделілігі бар мәміле жасасу барысында шектен тыс пайдалану жағдайларын бағдарлауы және мүмкіндігінше олардың алдын алуы;
 - 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

17-бап. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

1. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарастыру және ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ұсыныстар дайындау үшін ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ келесі мәселелер жөніндегі КОМИТЕТТЕРІ құрылады:
 - 1) стратегиялық жоспарлау;
 - 2) кадрлар мен сыйақылар;
 - 3) ішкі аудит;
 - 4) әлеуметтік мәселелер;
 - 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен директорлар кеңесінің өзге де мәселелер жөніндегі комитеттерін құру көзделуі мүмкін.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ жекелеген КОМИТЕТІ қарайтын ішкі аудит мәселелерін айтпағанда, осы тармақта тізіліп өткен мәселелерді қарау ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ бір немесе бірнеше КОМИТЕТІНІҢ құзыретіне жатқызыла алады.
2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ құрамы ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТІН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшесі басқарады. Қызметіне осы баптың 1-тармағының 1) -4)-тармақтарында көзделген мәселелерді қарау кіретін ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТІНІҢ басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады. Атқарушы органның басшысы ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТІНІҢ төрағасы бола алмайды.
3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІН құру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ бекітетін ішкі құжаттармен белгіленеді.

18-бап. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

1. Тек жеке тұлға ғана ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшесі бола алады.
2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшесінің оған Заңға және Қоғам Жарғысына сәйкес жүктелген қызметтерді атқаруды өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.
3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшесі мыналардың арасынан сайланады:
 - 1) жеке тұлғалар - АКЦИОНЕРЛЕР;
 - 2) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ өкілдері ретінде ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ сайлауға ұсыныс жасалған (ұсынылған) тұлғалар;
 - 3) Қоғам акционерлері болып табылмайтын және ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ акционердің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлғалар.
4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕГІ бір орынға бір үміткер сайлауға түскен жағдайды қоспағанда, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелерін сайлауды АКЦИОНЕРЛЕР кумулятивті дауыс беру жолымен, дауыс беруге арналған бюллетеньді пайдалану арқылы жүзеге асырады.
5. Кумулятивті дауыс беру бюллетені келесі бағандарды:
 - 1) директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер тізімін;
 - 2) акционерге тиесілі дауыстар санын;
 - 3) акционердің директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерге берген дауыстары санын қамтуы тиіс;Кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетеньге дауыс берудің «қарсы» және «қалыс қалды» нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.
6. АКЦИОНЕР өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелігіне үміткердің біреуіне толық беруге немесе бірнеше үміткер арасында бөлуге құқылы. Неғұрлым көп дауыс алған үміткерлер ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ сайланған болып саналады. Егер ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелігіне екі немесе одан да көп үміткер дауыстардың бірдей санын жинаса, бұл үміткерлерге қатысты әртүрлі дауыс санын жинаған үміткерлерді көрсету арқылы кумулятивті дауыс беру бюллетенін акционерлерге ұсыну жолымен қосымша кумулятивті дауыс беру өткізіледі.
7. БАСҚАРМА басшысынан басқа, оның мүшелері ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ сайлана алмайды. БАСҚАРМА басшысы ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасы болып сайлана алмайды.
8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелерінің саны АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН сайланатын үш адамнан кем болмауы тиіс. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелері құрамынан кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талап Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен белгіленеді.
9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелерінің өкілеттік мерзімі АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН белгіленеді. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ өкілеттік мерзімі жаңа ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ сайлауы өткізілетін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН өткізу кезінде аяқталады.
10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Мұндай ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшесінің өкілеттігі АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мұндай мүшесінің өкілеттігі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.
11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ жаңа мүшесін сайлау АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА берілген кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ осы мүшелерінің өкілеттігі тұтас алғанда ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бірге бітеді.
12. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайтадан сайлана алады.

13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасы оның мүшелерінің арасынан мүшелердің жалпы санының көпшілік даусымен құпиялы түрде дауыс беру арқылы сайланады. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ Төрағаны кез келген уақытта қайтадан сайлауға құқылы.
14. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасы оның жұмысын ұйымдастырады, отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қоғам Жарғысында анықталған өзге де қызметтерді жүзеге асырады. Төраға болмаған жағдайда, оның қызметін ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ шешімі бойынша оның мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
15. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысы оның Төрағасының немесе БАСҚАРМАНЫҢ бастамасы бойынш, болмаса:
 - 1) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ кез келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ;
 - 3) Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;
 - 4) ірі АКЦИОНЕРДІҢ талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.
16. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ отырысын шақыру туралы талап ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасына тиісті хабарламаны жіберу арқылы беріледі. Бұл хабарламада ұсынылған ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ отырысының күн тәртібі болуы тиіс.
17. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысын шақыруға міндетті БАСҚАРМАҒА баруға құқылы. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысын ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасы немесе БАСҚАРМА шақыру туралы талап түскеннен кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақырылуы тиіс. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысы мұндай талап берген тұлғаны міндетті түрде шақырып, өткізіледі.
18. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелеріне ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ отырысын өткізу туралы хабарламаларды жөнелту тәртібін ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ анықтайды, ал «алтын акция» иесіне – Қоғам жарғысымен анықталады.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелеріне отырысты өткізу күніне дейін кемінде үш күнтізбелік күн бұрын жіберіледі.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселені қарастыру барысында мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміленің орындалуы мерзімдері және шарттылықтары, тартылған тұлғалардың қатынасу үлесінің сипаты және көлемі, сонымен қатар бағалаушының (Заңмен қарастырылған жағдайда) есебі туралы мәліметтерді қамтуы керек
19. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшесі өзінің ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысына қатысуы мүмкін еместігі туралы БАСҚАРМАҒА жазбаша түрде алдын ала хабарлауға міндетті.
20. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысын өткізуге арналған кворум ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелерінің жалпы саны Жарғымен анықталған кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ өзінің жаңа мүшелерін сайлау үшін кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыруға міндетті. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ қалған мүшелері кезектен тыс АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН шақыру туралы шешімді ғана қабылдауға құқылы.
21. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ әрбір мүшесі бір дауысқа ие.
22. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ Төрағасының немесе отырысқа төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
23. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ өзінің мүшелері ғана қатыса алатын ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
24. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысы іштей және сырттай тәртіпте өткізіледі.
25. Сырттай дауыс беру арқылы шешім бекітілген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданған болып танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс және директорлар кеңесінің хатшысымен немесе төрағасымен қол қойылуы тиіс. Шешім ресімделген күннен кейін жиырма күннің ішінде ол, осы шешім негізінде қабылданған бюллетеньдердің көшірмесін қосу арқылы директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.
26. Іштей тәртіпте өткізілген ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысында қабылданған оның шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырысты өткізген күннен кейінгі үш күн ішінде ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасы немесе отырыста төрағалық еткен тұлға және оның хатшысы жасап, қол қояды және ол:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауын және орналасқан жерін;
 - 2) отырыстың өткізілу күнін, уақытын және орнын;
 - 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтерді;
 - 4) отырыстың күн тәртібін;
 - 5) дауысқа салынған мәселелерді және ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ әрбір мүшесінің ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын;
 - 6) қабылданған шешімдерді;
 - 7) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ шешімі бойынша өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.
27. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ отырысының хаттамалары және ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Хатшысы ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшесінің талап етуі бойынша оған отырыс хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен және Қоғам мөрінің таңбасымен куәландырылған хаттамадан және шешімнен үзінді көшірме беруге міндетті.
28. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ отырысына қатыспаған немесе Заңда және Қоғам жарғысында көрсетілген тәртіпті бұзу арқылы Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ мүшесі оны сот тәртібінде даулауға құқылы.
29. АКЦИОНЕР Заң және Қоғам жарғысының талаптарын бұзу арқылы қабылданған Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ шешімін, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) осы АКЦИОНЕРДІҢ құқығы мен заңды мүддесі бұзылған болса, сотта даулауға құқылы.

19-бап. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

1. Ағымдағы қызметке басшылықты атқарушы орган – БАСҚАРМА жүзеге асырады.
2. БАСҚАРМА Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заң актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. БАСҚАРМА АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ және Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ шешімдерін орындауға міндетті.
3. Қоғам БАСҚАРМАСЫНЫҢ шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан барлық БАСҚАРМА мүшелері қол қоюы керек және ол дауыс беруге қойылған мәселелерді, әр БАСҚАРМА мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындыларын қамтуы тиіс. Қоғам БАСҚАРМАСЫ мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Қоғам БАСҚАРМАСЫНЫҢ басқа мүшесіне беруіне рұқсат етілмейді.
4. БАСҚАРМАНЫҢ оларға қатысты тыйым салу құқығы белгіленген мәселелер бойынша шешімдері "алтын акция" иесімен келісілуге жатады. Қоғам мәміле жасасу кезінде тараптар мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдейтін болса, ол Қоғамның БАСҚАРМАСЫ Қоғам белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығын даулауға құқылы.
5. БАСҚАРМАНЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ сайлайды. Сандық құрамын ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ анықтайды. Қоғам БАСҚАРМАСЫ келесілерден:
 - БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНАН;
 - БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫНАН;
 - БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕН тұрады.
6. БАСҚАРМАНЫ БАСҚАРМА Төрағасы басқарады. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІ және оның АКЦИОНЕРІ болып табылмайтын қызметкерлер БАСҚАРМА мүшесі бола алады. БАСҚАРМА мүшесі басқа ұйымдарда ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ жазбаша келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. БАСҚАРМА Төрағасының атқарушы орган басшысы лауазымын немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметін дара атқаратын тұлғаның лауазымын алуға құқығы жоқ.
7. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ және БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ анықтайтын лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес жеке-жеке қызметтік міндеттерді жүзеге асырады.
8. БАСҚАРМА мүшелерінің қызметтері, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен, Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ Қоғам көрсетілген тұлғамен жасаған еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫМЕН

жасалған еңбек шартына ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасы немесе оған қол қоюға АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ не ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ уәкілеттік берген тұлға қол қояды. БАСҚАРМАНЫҢ қалған мүшелерімен еңбек шартына БАСҚАРМА Төрағасы қол қояды.

9. БАСҚАРМА отырысы БАСҚАРМАНЫҢ кез келген мүшесінің бастамасымен қажеттілік болған кезде шақырылады, бірақ бір айда кем дегенде бір рет шақырылуы тиіс. Егер отырысқа БАСҚАРМАНЫҢ кем дегенде үш мүшесі қатысса, БАСҚАРМА отырысын өткізу үшін кворум қамтамасыз етілді деп саналады.

10. БАСҚАРМА шешімдері БАСҚАРМА мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар саны тең болған жағдайда, БАСҚАРМА Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

11. Хаттамаға отырысты өткізген күннен бастап үш күн ішінде қол қойылады және хаттама мыналарды:

1. отырыстың өткізілу күнін, уақытын және орнын
 2. отырысқа қатысушылардың жеке құрамы;
 3. дауысқа салынған мәселелерді және БАСҚАРМАНЫҢ әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындыларын;
 4. қабылданған шешімдерді;
 5. БАСҚАРМА шешімі бойынша өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.
12. Отырыс хаттамасында көрсетілген БАСҚАРМА шешімінің Қоғам қызметкерлерінің барлығы үшін міндетті күші бар.
13. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ:
1. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ мен ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 2. үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхатсыз іс-әрекет етеді;
 3. оның үшінші тұлғалармен қатынасында Қоғамның мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар береді;
 4. Қоғам қызметкерлерін қызметке қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады (Заңда белгіленген жағдайды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазаларды қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыларға жеке үстемақылардың мөлшерін Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес белгілейді, атқарушы орган мен Қоғамның ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін анықтайды;
 5. өзі орнында болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды БАСҚАРМА мүшесінің біріне жүктейді;
 6. БАСҚАРМА мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік және жауапкершілік салаларын бөледі;
 7. Қоғам Жарғысымен және АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ мен ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ шешімдерімен анықталған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.
14. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ болмаған жағдайда оның міндеттерін орындауды БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫБАСАРЫ жүзеге асырады.

20-бап. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

1. Қажет болған жағдайларда, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ құрылады.
2. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ қызметкерлері ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ және БАСҚАРМАНЫҢ құрамына сайлана алмайды.
3. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ тікелей ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.
4. Қоғамның ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ жұмыс тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

21. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

1. Қоғамның Лауазымды тұлғалары өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғамның және АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ (ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ) мүддесін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді қолданады.
2. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамның мүлкін Қоғамның осы Жарғысына және АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ (ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ) шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарына пайдаланбауы немесе пайдалануға жол бермеуі және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде қиянатшылық жасауға жол бермеуі тиіс.
3. Қоғамның Лауазымды тұлғалары тәуелсіз аудиттің жүргізілуін қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті.
4. Қоғамның Лауазымды тұлғалары Қоғам қызметі туралы ақпараттардың Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ашылуын және берілуін бақылайды.
5. Қоғамның Лауазымды тұлғалары Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялығын сақтауға, соның ішінде, егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше анықталмаса, оны Қоғамдағы жұмысын тоқтатқаннан сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті.
6. Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ мүшелері:
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ақпараттылық, айқындалмалық негізде Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделерінде әрекет етуге;
 - 2) барлық акционерлерге бірдей дәрежеде әділ болуға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір білдіруге міндетті.
7. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам мен акционерлердің алдында, олардың әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін, төменде көрсетілгендердің нәтижесінде шеккен шығындарын қоса алғанда, алайда олармен шектелместен, Қоғам шеккен шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікті арқалайды:
 - 1) адастыратын ақпарат немесе қасақана жалған ақпарат беру;
 - 2) Заңмен және Қоғам Жарғысымен белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу.
 - 3) олардың арамдық іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде қоғамға шығын келтірген ірі мәмілелер және (немесе) мүдделік танылған мәмілелер жасасуға және (немесе) мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау туралы ұсыныстар, соның ішінде олардың не болмаса олардың аффилирленген тұлғаларының қоғамның мұндай мәмілелер жасасу нәтижесінде табыс (кіріс) алу мақсатында жасалған ұсыныстар.
8. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ Заңмен және (немесе) Қоғамның жарғысымен қарастырылған жағдайларда ірі мәміле және (немесе) мүдделі мәміле жасасу туралы шешімдерді қабылдауы оларды жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны немесе қоғам органының отырысындағы ықпалсыз әрекет және (немесе) әрекетсіздік танытқан қоғамның мүшесі болып табылатын лауазымды тұлға, соның ішінде егер нәтижесінде қоғамға шығын келтірілген табыс (кіріс) алу мақсатында әрекет еткен аталған лауазымды тұлғалар не болмаса олардың сенімді өкілдері жауапқа тартылады.
9. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешімінің негізінде немесе Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайызына иеленуші АКЦИОНЕР (АКЦИОНЕРЛЕР), өз атынан Қоғамның мүддесінде Қоғамның оны жасауда мүдделілігі бар мәмілелерді жасауы және салдарынан Қоғам өз активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің он немесе одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе өз иелігінен шығарған мәмілелерді жасау нәтижесінде Қоғамда пайда болған зиян үшін, лауазымды тұлғаны жауапкершілікке тарту туралы талап арызымен сотқа жүгінуге құқылы, онымен қатар төмендегі шарттар болған жағдайда:
 - егер мәмілені жасау туралы шешім қабылдаған сәтте мұндай мүліктің құны бағалаушы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңына сәйкес анықтаған оның нарықтық құнына айқын сәйкес келмегендігі дәлелденсе;
 - соттың Қоғамның лауазымды тұлғасы (тұлғалары) өзі (өздер, болмаса оның аффилиирленген тұлғалары пайда (табыс) алуы мақсатында оның АКЦИОНЕРЛЕРІН қасақана жаңылыстыруы фактісін анықтауы.
10. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешімінің негізінде немесе Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайызына ие акционер (акционерлер) өз атынан сотқа лауазымды тұлғаның Қоғамға келтірген шығынын өтеуі туралы, сонымен қатар лауазымды тұлғаның және (немесе) оның сенімді өкілдерінің ірі мәміле және

(немесе) мүдделі мәміле жасасу туралы шешімдерді қабылдауы нәтижесінде қоғамның шығындалуы орын алуы барысында ықпалсыз әрекет және (немесе) әрекетсіздік танытуы салдарынан тапқан табысын (кірісін) Қоғамға қайтаруы туралы шағымдана алады.

11. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешімінің негізінде немесе қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайызына ие АКЦИОНЕР (АКЦИОНЕРЛЕР) өз атынан сотқа, егер мұндай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру барысында Қоғамның лауазымды тұлғасы осы үшінші тұлғамен жасасқан келісімнің негізінде әрекет етсе және бұл ретте Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының және ішкі құжаттарының немесе оның еңбек шартының талаптары бұзылса, Қоғамның лауазымды тұлғасының және (немесе) үшінші тұлғаның осы үшінші тұлғамен мәміле жасасу нәтижесінде Қоғамға келтірілген шығындарды өтеуі туралы шағымдана алады. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға мен Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамға мұндай шығындарды өтеуде Қоғамның ынтымақты борышкерлері ретінде жауап береді.

Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайызына ие АКЦИОНЕР (АКЦИОНЕРЛЕР) сотқа шағымданбас бұрын, ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНА Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға келтірген шығындарын өтеуі туралы, және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) сенімді өкілдерінің директорлар отырысында ірі мәміле және (немесе) мүдделі мәміле жасасу туралы шешімдерді қабылдауы нәтижесінде тапқан табысын (кірісін) Қоғамға қайтаруы туралы талап ете алады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасы осы тармақта келтірілген талап-өтінім келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ іштей отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайызына ие Акционердің (АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ) талап-өтінімі бойынша ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ шешімі талап-өтінімді берушіге отырыс өткен күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ аталған шешімін алғаннан кейін, осы тармақта көрсетілген мерзімде оны алмаған жағдайда, Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан да көп пайызына ие АКЦИОНЕР (АКЦИОНЕРЛЕР) аталған мәселе бойынша Қоғамның ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ Төрағасына талап-өтініммен жүгінгендігін растайтын құжаттың бар болуы жағдайында, өз атынан сотқа Қоғамдағы мүдделігін қорғау туралы шағымдана алады.

12. Қоғамның лауазымды тұлғалары мәміленің жасалуына мүдделі және мәміле жасауды ұсынған лауазымды тұлғадан басқа, егер олар Қоғам органы қабылдаған, нәтижесінде Қоғамға не болмаса АКЦИОНЕРГЕ шығын келтірген шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге белгілі бір себептермен қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

Лауазымды тұлға, егер оның осы Заңмен орнатылған Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің қағидаттарын сақтай отырып, шешімді қабылдау мезетіндегі өзекті (дұрыс) ақпараттың негізінде, және бұл шешім Қоғамның мүддесіне сәйкес келетіндігіне сүйене отырып, әрекет еткендігі дәлелденген кезде, коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған шығындарды өтеуден босатылады.

13. Сотпен меншікке қарсы қылмыс жасауда, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардың мүдделеріне қайшы салада кінәлі болып табылған, сонымен қатар аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Қоғамның лауазымды тұлғалары өтеу мерзімінен бастап не болмаса заңмен қарастырылған тәртіпте сотталудан не болмаса қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап бес жыл ішінде Қоғамның лауазымды тұлғалары, сонымен қатар АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДАҒЫ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ өкілдері міндеттерін орындай алмайды.

14. Егер Қоғамның қаржылық есептілігінде Қоғамның қаржылық күйі бұрмаланатын болса, Қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған Қоғамның лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде оларға шығын келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауап береді.

22-бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ОЛАРДЫҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

1. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпарат болып табылмайды.

2. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирленгендік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді беруге міндетті.
 3. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғалары немесе Қоғам тіркеушісі (уәкілетті орган белгілеген тәртіпте ірі АКЦИОНЕР болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты) берген мәліметтер негізінде олардың есебін жүргізуге міндетті.
 4. Қоғам АКЦИОНЕРЛЕРІ мен лауазымды тұлғаларының олардың аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты беруі тәртібі осы Жарғымен белгіленеді.
 5. Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирленгендік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді беруге міндетті.
- Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтындар:
- 1) коммерциялық емес ұйымның немесе несие бюросының ірі акционерлері (қатысушылары) болып табылатын тұлғалар;
 - 2) әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі тұлғалар.
6. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органға ол белгілеген тәртіпте тапсыруы тиіс.

23-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ, АУДИТІ, ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ

1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есепті жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен белгіленеді.
2. БАСҚАРМА жыл сайын Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген, өткен жылдың жылдық қаржылық есебін оны талқылау және бекіту үшін АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА ұсынады. БАСҚАРМА АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА қаржылық есеппен қатар, аудиторлық есепті де ұсынады.
3. Жылдық қаржылық есеп АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ өткізілетін күннен кемінде отыз күн бұрын ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН алдын-ала бекітілуге жатады.
4. Қоғамның жылдық қаржылық есебін түпкілікті бекіту жылдық АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА жүзеге асырылады.
5. Қоғам жыл сайын өзінің жинақталған жылдық қаржылық есебін, егер оның еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда - жинақталмаған жылдық қаржылық есебін және аудиторлық есебін уәкілетті орган бекіткен тәртіпте және мерзімде, осы Жарғының 2-бабының 8-тармағында көрсетілген Қоғамның ресми сайтында жариялауға міндетті.
6. Ірі келісім және (немесе) жасалуына мүдделілік танытылған келісім туралы ақпарат, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке келтірілген түсіндірме хатта ашылады, сонымен қатар АКЦИОНЕРЛЕР мен инвесторларға Заң талаптарына сәйкес жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтерінің көлемінен он немесе одан көп пайызын құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын, болсама иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәміленің мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де деректерді қамтуы тиіс.
7. Қоғам жылдық қаржылық есептің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғам аудиті ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ, атқарушы органның бастамасы бойынша Қоғам қаражаты есебінен, болмаса ірі АКЦИОНЕРДІҢ талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі АКЦИОНЕР аудиторлық ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы. Аудит ірі АКЦИОНЕРДІҢ талабы бойынша жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан қажетті құжаттамалардың (материалдардың) барлығын беруге міндетті.
8. Егер Қоғам БАСҚАРМАСЫ Қоғам аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.
9. Қоғам өз АКЦИОНЕРЛЕРІ мен инвесторларына Қоғамның келесідей корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты айтып жеткізуге міндетті:
 - 1) АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ қабылдаған шешімдер:
 - 1-1) олар туралы ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторларға хабарлануы тиіс болатын мәселелер бойынша ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ қабылдаған шешімдер;

- 2) Қоғамның акциялар мен басқа бағалы қағаздарды шығаруы және өкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, өкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;
 - 3) Қоғамның бір мезетке келесідей шарттарға сай келетін: Қоғамның оларды жасауда мүделелігі бар, Қоғамның өкілетті органы осындай мәмілені жасау туралы шешім қабылдаған күнгі құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің он немесе одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иелігінен шығарумен байланысты мәмілелерді және ірі мәмілені жасауы.
Нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің он немесе одан көп пайызын құрайтын мүлік сатып алынатын, болмаса иелігінен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың сипаты және қатысу үлесінің көлемі, сондай-ақ болған жағдайда мәміле туралы басқа да деректерді қамтуы тиіс.
 - 4) Қоғам активтерінен бес немесе одан көп пайызды құрайтын сомадағы Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
 - 5) Қоғамның оның жеке капиталының жиырма бес немесе одан көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;
 - 6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүргізуге рұқсат алуы, Қоғам қандай да бір қызмет түрлерін жүргізуге бұдан бұрын алған рұқсаттарының әрекет етуін тоқтатуы немесе тежеуі
 - 7) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
 - 8) Қоғам мүлкіне тыйым салу;
 - 9) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активінің он немесе одан көп пайызын құрайтын мүлкі жойылған, төтенше сипаттағы жағдайдың орын алуы;
 - 10) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - 11) сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалуы;
 - 12) Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта құру туралы шешім;
 - 13) Қоғам жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын шығару аңдатпасына сәйкес Қоғамның АКЦИОНЕРЛЕРІ мен инвесторларының мүддесін қозғайтын өзге де оқиғалар.
10. Қоғам ғаламтор ресурсына Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитариясының, корпоративтік оқиғалар, қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептілігі туралы ақпараттардың, Қоғамның аффилиирленген тұлғалары тізімдерінің, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне сыйақы берудің жиынтық мөлшері туралы ақпараттың уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.
11. Бағалы қағаздары қор биржа тізіліміне енгізілген қоғам, осы баптың 10-тармағында көрсетілген ақпаратқа қосымша, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитариясын, тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ғаламтор ресурсына орналастыруды қамтамасыз етеді және қор биржасына жариялау үшін оның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте, қор биржасының ғаламтор ресурсына барлық корпоративтік оқиғалар мен тоқсан сайынғы қаржылық есептілік туралы ақпаратты ұсынады.
Қоғам корпоративтік веб-сайтқа ірі АКЦИОНЕРЛЕР туралы ақпаратты, сондай-ақ қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленетін тәртіпте басқа заңды тұлғадағы өкілеттіліктері мен міндеттері туралы ақпаратты көрсете отырып, Қоғамның басқару органының басқа заңды тұлғада басшылық қызметті немесе өзге де негізгі қызметті қатар алып отырған мүшелері туралы мәліметтерді орналастыруы тиіс
12. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ұсыну осы Заңға және Қоғам Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.
13. Егер Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге заңнамалық актілермен ақпаратты жариялау (акционерлерге хабарлау) мерзімі қарастырылмаған болса, онда аталмыш ақпарат оның пайда болған күнінен бастап үш жұмыс күнінің ішінде жарияланады (акционерлерге хабарланады).
Сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалуы туралы ақпарат, Қоғам корпоративтік дау бойынша азаматтық іс жөнінде тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ұсынылуы тиіс.

14. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты білетін Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті жүргізуді қамтамасыз етеді.
15. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар оның қызметінің бүкіл мерзімі бойы Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша немесе Жарғыда белгіленген басқа орында Қоғаммен сақталуы тиіс.
16. АКЦИОНЕРДІҢ талабы бойынша Қоғам Заңмен көзделген құжаттардың көшірмесі, Қоғам Жарғысында анықталған тәртіпте, мұндай талаптың Қоғамға түскен күнінен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты ұсынуға шектеу енгізуге жол беріледі.
17. Құжаттардың көшірмесін ұсынуға төлемақы көлемі Қоғаммен бекітіледі және құжаттардың көшірмесін жасауға кеткен шығындардан және құжаттарды акционерге жеткізумен байланысты шығындардан аспауы қажет.
18. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға түсіру және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттеп отыратын құжаттар, АКЦИОНЕРГЕ оның талабы бойынша танысуға берілуі тиіс.
19. Қоғам олар туралы ақпарат АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ және инвесторлардың назарына жеткізілуі қажет болатын, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН қабылданған шешімдер бойынша мәселелердің тізімін белгілейтін ішкі құжатты әзірлеп, оны Қоғамның басқару органымен бекітуі тиіс

24-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

1. Қоғам қызметін тоқтату Қоғамды тарату және қайта құру жолымен жүзеге асырылады.
 2. Қоғамды қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.
 3. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ қабылдайды. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес несие берушілермен келісе отырып және олардың бақылауымен тарату рәсімін анықтайды.
 4. Қоғамды мәжбүрлі түрде таратуды Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген жағдайларда сот жүзеге асырады. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сотқа Қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар бере алады.
 5. Соттың немесе АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде оны басқару және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған әрекеттер тізімін жасау бойынша өкілеттілерге ие. Тарату комиссиясының құрамына Қоғамның несие берушілерінің өкілдері, ірі АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ өкілдері, сондай-ақ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар кіргізілуі тиіс.
 6. Қоғамды тарату рәсімі және оның несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Қоғам таратылған кезде оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жойылуға жатады.
 7. Қоғамның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін тарату комиссиясы Заңның 89-бабы тәртібінде АКЦИОНЕРЛЕР арасында бөледі.
- Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне Қоғамның таратылғандығы туралы жазба енгізілген сәттен бастап Қоғамды тарату аяқталған, ал Қоғам өз қызметін тоқтатқан болып саналады.

Басқарма Төрағасы
Қуанбай Әлкен Дәнелұлы





СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

УТВЕРЖДЕН
РЕШЕНИЕМ ОБЩЕГО
СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ
АО «SAT & Company»
Протокол №S&Co-7-2-01 от 23 мая 2018 года



У С Т А В

АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА

«SAT & Company»

Статья 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящий Устав является основой деятельности Акционерного общества "SAT & Company", функционирующего в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан "Об акционерных обществах" и законодательством Республики Казахстан о ценных бумагах. Созданию Акционерного Общества "SAT & Company" предшествует реорганизация в форме преобразования Товарищества с ограниченной ответственностью "SAT & Company" (свидетельство о государственной перерегистрации № 43446-1910-TOO от 25.01.2005г., выдано Департаментом юстиции города Алматы) в Акционерное общество "SAT & Company".
2. Акционерное общество "SAT & Company", в дальнейшем именуемое «Общество», является правопреемником имущества, всех прав и обязанностей реорганизованного Товарищества с ограниченной ответственностью "SAT & Company" в соответствии с передаточным актом.
3. Наименование Общества:
 - на государственном языке – полное - «SAT & Company» Акционерлік қоғамы, сокращенное - «SAT & Company» АҚ.
 - на русском языке – полное – Акционерное общество "SAT & Company", сокращенное – АО "SAT & Company".
 - на английском языке: SAT & Company Joint stock company, сокращенное - SAT & Company JSC.
4. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050008, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Муканова, д. 241, н.п. 170.
5. Срок деятельности Общества неограничен.

Статья 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

1. Общество является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан и осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и иными нормативно-правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом (далее - Устав). Права и обязанности юридического лица Общество приобретает с даты его государственной регистрации в органах Министерства юстиции Республики Казахстан. Общество имеет печать со своим наименованием на государственном и русском языках, самостоятельный баланс, расчетный и другие счета в банках. Общество может иметь свой товарный знак и символику, образцы, которые утверждаются ОБЩИМ СОБРАНИЕМ АКЦИОНЕРОВ и регистрируются в установленном законодательством порядке.
2. Общество вправе от своего имени совершать любые сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом, ответчиком и третьим лицом в суде.
3. Общество осуществляет владение, пользование и распоряжение своим имуществом в соответствии с целями своей деятельности. Общество обладает обособленным имуществом, имеет самостоятельный баланс и действует на основе полной самостоятельности, самофинансирования и самокупаемости.
4. Общество вправе самостоятельно осуществлять внешнеэкономические операции, включая право совершать экспортные и импортные сделки, необходимые для его деятельности.
5. Общество вправе создавать свои филиалы и представительства на территории Республики Казахстан и за границей с последующим уведомлением регистрирующих органов Республики Казахстан, а также хозяйственные товарищества с другими лицами и дочерние хозяйственные товарищества.
6. Общество, в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан имеет право осуществлять строительство, а также принимать и передавать в наем необходимые для осуществления своей деятельности помещения, землю, а также всякого рода движимое и недвижимое имущество.

